



**Файзуллина Жадра Талгатбековна**  
Астана қаласы,  
Д.Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейінің  
бастауыш сынып мұғалімі.  
Педагог-зерттеуші

## Математикалық сауаттылық

«Математикалық сауаттылық» тақырыбындағы элективті курс бастауыш сынып оқушыларын өмірге ерте жастан бейімдеуге арналған бағдарлама.

Бұл бағдарлама математика сабақтарында оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту жолындағы тәжірибемен бөлісу. Математикалық сауаттылық мектеп бағдарламасындағы пән мазмұнынан басталатындығын көрсету, сауаттылыққа үйретуді бастауыш сыныптан бастау мақсаты көзделген.

Бүгінгі заманауи талапқа сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол оқытудағы математикалық сауаттылық болып табылады.

### Міндеті:

- Математикалық сауаттылыққа байланысты пән бағдарламасындағы тақырыптарға шолу;
- Әр тақырыптарға оқулықтағы есептерді математикалық сауаттылық есептерімен салыстыра отырып, талдап көрсету.

### Өзектілігі:

Оқушылардың математикалық сауаттылығы туралы алған білімі мен біліктерін өмірде қолдана алуға дағдыландыру.

Оқушылардың білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы- математикалық сауаттылығын қалыптастыра отырып, математикалық сауаттылық тапсырмаларын өз бетімен шығара алатын қабілеттерін қалыптастыру.

- Математикалық сауаттылық - математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну;
- әртүрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру;
- дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту;
- есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру;
- математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану.

Оқушылардың математикалық сауаттылығының қалыптасуы «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейлерімен (танымдық салалармен) сипатталады:

- білу (еске түсіру);
- қолдану (байланыстарды орнату);
- ойлау (пайымдау).

Математикалық сауаттылық математиканың рөлін анықтауға ықпал етеді

- Әртүрлі мәтіндік тапсырмаларды шешуде пәндік білімін қолдана алу;
- математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну;
- әртүрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру;
- дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту;
- есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру керек.

### Күтілетін нәтижелер мен оларды тексеру әдістері:

Оқушылар олардың алдына қойған міндеттерді орындау керек. Тапсырмалардың күрделілігіне қарай математикалық құзыреттілігі 3 деңгейге бөлінеді:

-Бірінші деңгей- математикалық фактілерді, әдістерді және есептеуді орындауды құрайды;

-Екінші- есеп шешімін табу үшін әртүрлі математикалық тақырыптарды кіріктіріп, байланыстарды таба білу,

-Үшінші- математикалық анализ, жалпылау, қорытындылау

«Анықталмағандық», «Өзгерістер мен тәуелділік», «Кеңістік пен форма» тақырыбындағы тапсырмалар беріледі. Бұл есептерді мұғалімнің сабақ жоспарына жасауына байланысты кіргізуге болады:

- Сабақтағы ойын элементі түрінде;
- Сабақтың басында сабақ проблемасы ретінде;
- Сабақ болжамын шығару барысында зерттеу ретінде; Сабақтағы оқушылардың іс-әрекетін түрлендіру ретінде;
- Сабақтағы қандай да бір түсінікті қалыптастыру барысында;
- нақты өмірлік жағдаяттардың моделі;
- Пәнаралық байланысты көрсететін тапсырмалар;
- Бір типтес тапсырмаларды жинақтап, жаңа технологияларды қолдану арқылы сабақтар өткізу;
- Математикалық ойлауды дамытуды дамыту бойынша тапсырмаларды топтастырып, курс материалдарын құрастыру;

Математикалық сауаттылық, практикалық, жағдаяттық тапсырмаларды мектеп олимпиадасын өткізуде қолдану.